

2015 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 17 наурыздағы № 316 шешімі. Алматы қаласының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 сәуірде № 1157 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 419 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 11.03.2016 № 419 шешімімен (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 38-бабының 5).тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 487-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 16-бабының 5-тармағына сәйкес, V сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2015 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVI сессиясының 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 218 "2014 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1043 болып тіркелген, "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде 2014 жылғы 15 мамырда жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының қалақұрылысы, көріктендіру және коммуналдық меншік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Б. Шинге және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е. Шормановқа (келісім бойынша) жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

V сайланған	
Алматы қаласы мәслихаты	
XXXVII сессиясының төрағасы	Ф. Константинов
V сайланған Алматы қаласы	
мәслихатының хатшысы	Қ. Қазанбаев

V сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXXVII сессиясының
2015 жылғы 17 наурыздағы № 316
шешіміне
қосымша

**2015 жылға арналған Алматы қаласы
бойынша жер үсті көздеріндегі
су ресурстарын пайдаланғаны үшін
төлемақы ставкаларымәслихатының**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Алматы қаласы мәслихатының
16.10.2015 № 376 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Арнаулы су пайдаланудың түрі						
Өзен-дер, көлдер, теңіз-дер бассейні	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер (теңге/1000 тек.м)	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде (теңге/1000 тек.м)	Ауыл шаруашылығы (теңге/1000 тек.м)	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары (теңге/1000 тек.м)	Су энергетика (теңге/1000 кВт.сағ)	Су көлігі (теңге/1000 тек.м)
Балқаш және Алакөл көлдері бассейні	90,1	248,7	71,53	68,41	26,42	7,77